

Ақтөбе облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін, сондай-ақ оларға бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 17 мамырдағы № 37 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 мамырда № 8303 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 12-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе облысының ауылдық жеріне, кенттеріне және аудандық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне (берілген күні 3 (үш) жылдан аспайтын диплом алған жас мамандарға) әлеуметтік қолдау шараларының жүйесі:

әлеуметтік қолдау 3 000 000 (үш миллион) теңге мөлшерінде бір жолғы төлем түрінде белгілеу жолыменайқындалсын.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 09.06.2023 № 28 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Ақтөбе облысының ауылдық жеріне және кенттерге, аудандық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 490 "Ақтөбе облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6569 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. "Ақтөбе облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін оны Ақтөбе облысы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына және облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына жүктелсін.

6. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы

А. Айтжанов

Облыстық мәслихаттың хатшысы

А. Нугманов

2023 жылғы 17 мамырдағы
№ 37 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

Ақтөбе облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 09.06.2023 № 28 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

2) жұмыс беруші - медицина (фармацевтика) қызметкерімен еңбек шартын жасасқан тиісті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтау ұйымы;

3) ауылдық жерге және кенттерге, аудандық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілген медицина қызметкерлері (бұдан әрі - қызметкерлер) - кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын, ауылдық жерге және кенттерге, аудандық маңызы бар қалаларға уәкілетті орган жұмысқа жіберген жеке тұлғалар;

4) ауылдық жерге және кенттерге, аудандық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілген фармацевтика қызметкерлері (бұдан әрі - қызметкерлер) - жоғары фармацевтикалық білімі бар және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын, ауылдық жерге және кенттерге, аудандық маңызы бар қалаларға уәкілетті орган жұмысқа жіберген жеке тұлғалар.

2. Жұмыс берушімен еңбек шарты жасалғаннан кейін 5 (бес) жылдан кем емес мерзімге ауылдық жерге және кенттерге, аудандық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілген қызметкер біржолғы төлемге әлеуметтік көмек алу құқығына ие болады.

Осы бес жыл мерзіміне қызметкердің бала күтуге байланысты еңбек ақысы сақталмайтын демалыста болған уақыты, сондай-ақ уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақпен куәландырылған екі айдан аса еңбекке жарамсыздық кезеңі кірмейді.

3. Қызметкерге әлеуметтік қолдау көрсету облыстық бюджеттің қаражаты есебінен іске асырылады.

4. Уәкілетті орган денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлық қамтамасыз ету мақсатында:

1) Ақтөбе облысының ауылдық жерлері мен кенттері, аудандық маңызы бар қалалары үшін жекелеген мамандықтар бойынша медицина және фармацевтика кадрларына деген сұранысқа жыл сайын талдау жасайды;

2) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің өтініштерін, олардың біліктілігін растайтын құжаттарын қабылдайды;

3) әлеуметтік қолдауға мұқтаж қызметкерлердің тізімін жасайды;

4) ауылдық жерге және кенттерге, аудандық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілген қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

5. Уәкілетті органның жолдамасы бойынша жұмыс беруші қызметкермен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес еңбек шартын жасайды.

6. Қызметкер әлеуметтік қолдау алу үшін әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі уәкілетті органға жеке куәлігінің көшірмесін, жоғары білімі туралы дипломының көшірмесін, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін, мемлекеттік медицина ұйымына жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін тапсырады.

7. Әлеуметтік қолдау көрсету туралы құжаттарды қарауды 3 (үш) жұмыс күні ішінде кемінде 5 (бес) адамнан кем емес құрамдағы комиссия жүзеге асырады, ол қызметкерге әлеуметтік қолдау көрсету немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

8. Уәкілетті орган өндірістік қажеттілікке байланысты еңбек шартында келісілмеген және денсаулық жағдайы бойынша оған қарсы көрсетілмеген жұмысты бір медициналық ұйымнан екіншісіне ауыстыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, сондай-ақ ауылдық жерлерде және кенттерде, аудандық маңызы бар қалаларда орналасқан қызметкерге әлеуметтік қолдау алу құқығы сақталады.

9. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес және тәртіппен еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, уәкілетті орган бұрын аударылған қаражатты қайтару бойынша шаралар қабылдайды.

10. Еңбек қатынастары мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, бұрын төленген ақшалай қаражатты қайтару еңбек шартында көрсетіледі.

11. Жұмыс беруші қызметкердің әлеуметтік қолдау алу құқығынан айырылған уақыттан бастап күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей (жұмысшымен жеке еңбек шартын бұзған жағдайда) бұл туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

12. Уәкілетті орган еңбек шарты жасалғаннан кезден бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Ақтөбе облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне 3 000

000 (үш миллион) теңге көлемінде қаржыландыруды қызметкердің жеке шотына аудару жолымен жүзеге асырады.

13. Осы Тәртіп пен мөлшердің орындалуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК